

"Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 159 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 1004 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 № 1004 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.
2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.
3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап 6 ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

а қ п а н д а ғ ы

N

1 5 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Парфюмерлік-косметикалық өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті 1. Қолданылу саласы

1. Осы техникалық регламент:

1) қауіпсіздікті және тұтынушыларды жаңылыстыруға әкеп соғатын әрекеттердің алдын алуды қамтамасыз ету мақсатында парфюмерлік-косметикалық өнімдерге (бұдан әрі - ПК өнімдер) қойылатын м і н д е т т і т а л а п т а р д ы ;

2) тұтынушы орауына және парфюмерлік-косметикалық өнімдерді таңбалауға қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р д ы ;

3) ПК өнімдерді өндіру, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату процестеріне қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р д ы ;

4) ПК өнімдерінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін

бағалауға

қойылатын

талаптарды.

Осы техникалық регламенттің талаптары таралатын ПК өнімдері тазарту, жағымсыз иістерді жою, эстетикалық әсер беру және оларды қоршаған ортаның зиянды факторларынан қорғау мақсатында адамның денесіне қолдануға арналған , құралдарға теңестірілген:

1) тері, тырнақ және шаш күтіміне арналған сірне негізіндегі, эмульсиялық және майлы құралдар (кремдер, сүт, кілегейлер, маскалар, скрабтар, пилингтер, крем-гельдер);

2) шаш пен терінің гигиеналық күтіміне арналған жуу құралдары (шампундер, сұйық сабындар, душқа, ванна мен интим гигиенасына арналған жуу гельдері, ваннаға арналған көбік және тазарту құралдары: көбіктер, гельдер, мусстар);

3) бет, ерін, дене және шаш макияжына арналған эмульсия негізіндегі сәндік косметика құралдары (тоналды құралдар, бет далабы, қабаққа арналған бояу, шашқа арналған тушь, кірпікке арналған сұйық тушь және көзге арналған бояу, ерінге арналған жылтыр);

4) тері, көз және ерін макияжы мен күтіміне арналған май-балауыз негізіндегі сәндік косметика құралдары (ерін, далаптары) ерінге арналған жылтыр мен бальзам; театр гримі; қас, қабақ және ерінге арналған контур қарындаштары, маскалағыш қарындаштар; кірпікке арналған қатты тушь);

5) бет, дене және шаш макияжына арналған ұнтақ тәрізді және шағын сәндік құралдар (опа, бет далабы, қабаққа арналған бояулар, бетке, денеге және шашқа арналған жылтыр);

6) дененің гигиеналық күтіміне арналған ұнтақ тәрізді және шағын құралдар (талық, ұнтақ, балаларға арналған, парфюмерлік, хош иістендірілген опа);

7) тіс және ауыз қуысының күтіміне арналған құралдар (гигиеналық және емдік-профилактикалық тіс пасталары; эликсирлер, шайғыштар, сергіткіштер, бальзамдар);

8) гигиеналық, сергіткіш және хош иістендіргіш құралдар ретінде пайдаланылатын парфюмерлік сұйық құралдар (иіс майлар, әтірлер, парфюмерлік, иіс және хош иісті сулар);

9) тері, шаш және тырнақтың гигиеналық және/немесе сергіту күтіміне арналған косметикалық сұйық құралдар (лосьондар, лосьон-тониктер, тониктер);

10) шаш күтіміне арналған косметикалық сұйық құралдар (шашты бұйралауға және түзеуге арналған құралдар, шашты сәндеуге арналған құралдар);

11) тазарту, хош иістендіру және сергіту әсеріне арналған косметикалық сұйық құралдар (дезодоранттар мен дезодорант-антиперспиранттар);

12) қырынуға дейін, қырыну кезінде және қырынудан кейін қолданылатын құралдар (қырынуға арналған кремдер, гельдер және көбіктер);

13) тырнақ күтіміне арналған құралдар (маникюрлік лактар, тырнақ көбесін

алуға арналған құралдар, лакты кетіруге арналған сұйықтық, тырнақты өсіруге арналған құралдар);

14) шашты түссіздендіруге (немесе түсін кетіруге) және бояуға арналған құралдар;

15) татуажға арналған құралдар;

16) иіс сабын.

Осы Техникалық регламенттің талаптары белгіленетін ПК өнімдерінің тізбесі осы Техникалық регламентке 9-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Терминдер мен анықтамалар

2. Осы техникалық регламентте "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында пайдаланылған терминдер, сондай-ақ мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ампулды косметика - герметикалық дәнекерленген шыны ыдысқа салынған, консерванттары жоқ, бір рет пайдалануға арналған ПК өнімдер;

2) ПК өнімдерінің түсініктемесі - ПК өнімдерінің тұтынушылық қасиеттері, тағайындалуы, қолдану жөніндегі нұсқауларының сипаттамалары, сондай-ақ қолдану тәсілдері бар сөзбен сипатталуы және (немесе) графикалық белгілеуі;

3) антиперспиранттар - тер бөлінуін төмендететін құралдар;

4) ерінге арналған жылтыр - ерінде жылтыр қабыршақ жасайтын косметикалық сәндік құрал;

5) ПК өнімдердің қауіпсіздігі - қауіпті факторлардың ықтималдығы мен оның салдарының ауырлығының деңгейін ескере отыра, өмірге, адам денсаулығына, қоршаған ортаға, өсімдік және жануарлар дүниесіне зиян келтіруге байланысты жол берілмейтін қатердің болмауы;

6) ПК өнімдердің сыртқы орауы (сыртқы орауы) - ПК өнімдердің ішкі орауы сиятын материал немесе бұйым;

7) ПК өнімдердің ішкі орауы (ішкі орауы) - ПК өнімдерді тікелей салуға арналған ыдыс;

8) көмекші құралдар - ПК өнімдерді тікелей жағуға (кетіруге) арналған және оларды пайдаланудан күтілетін жоғарғы әсерді қамтамасыз етуге арналған құралдар;

9) косметикалық гель - құрамында су, май эмульсиялар, арнайы қоспалар және гель пайда болатын компоненттері бар коллоидті жүйелерді білдіретін парфюмерлік-косметикалық құрал;

- 10) косметикалық саз - косметикалық процедураларға пайдаланылатын, айтарлықтай созылғыштыққа ие табиғи минералды заттар;
- 11) косметикалық балшықтар - косметикалық процедураларға пайдаланылатын табиғи минералды және (немесе) органикалық заттар;
- 12) дайындалған күні - дайындаушы қоятын және ПК өнімдерді дайындаудың технологиялық процесінің аяқталғаны жөнінде ақпарат беретін күні;
- 13) дезодорант - хош иістендіретін және сергітетін қасиетке ие парфюмерлік-косметикалық құрал;
- 14) өтініш беруші - өнімнің сәйкестігін растау үшін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;
- 15) өнімді сәйкестендіру - өнімді біртекті өнім тобына жатқызу мақсатында оның маңызды белгілері бойынша сипаттамасының ұқсастығын белгілеу;
- 16) ПК өнімді дайындаушы - ПК өнімдерді келесі иелігінен шығарғанға дейін өндіретін жеке немесе заңды тұлға;
- 17) косметикалық қарындаш - қарындаш түрінде шығарылатын, сырты ағаш немесе пластик парфюмерлік-косметикалық құрал;
- 18) клиникалық қауіпсіздік - арналуы бойынша ПК өнімдерді пайдаланған кезде азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргенін куәландыратын теріні тітіркендіретін және сенсбилизациялайтын әсерінің болмауы;
- 19) консерванттар - ПК өнімдердің жарамдылық мерзімін ұзартуды қамтамасыз ететін заттар;
- 20) бояулар - ПК өнімдерін бояу үшін қолданылатын табиғи және (немесе) синтетикалық текті химиялық зат;
- 21) лосьон - тері және (немесе) шаш және (немесе) тырнақ күтіміне арналған парфюмерлік-косметикалық сұйық құрал;
- 22) косметикалық май - сұйық майлы түрдегі парфюмерлік-косметикалық құрал;
- 23) маска - теріні, шашты, тырнақты тиімді күтуді қамтамасыз ету үшін арналған парфюмерлік-косметикалық құрал;
- 24) иіс сабын - денені күтуге арналған парфюмерлік-косметикалық құрал;
- 25) ПК өнімнің атауы - ПК өнімдерді даралайтын дайындаушы берген белгі;
- 26) ПК өнімнің аты - ПК өнімдерді біртекті топқа жатқызуға мүмкіндік беретін өнім түрінің белгісі;
- 27) парфюмерлік-косметикалық өнімнің арналуы (арналуы) - ПК өнімнің функционалдық қасиеті;
- 28) ашық хат - тұтынушыға арналған ақпараты бар кез келген форматты парак өнімі;

29) бетті тазарту - терінің артық секретін, кірді, сәндік косметиканың құралдарын жою;

30) өнім партиясы - сапасы мен қауіпсіздігі туралы бір құжатпен берілетін белгіленген сапа және қауіпсіздік көрсеткіштері бар бір атау мен аттың өнім мөлшері;

31) парфюмерлік-косметикалық ингредиент (ингредиент) - ПК өнімдерді өндіруде пайдаланылатын химиялық зат немесе синтетикалық немесе табиғи текті препарат. Ингредиенттегі қоспалар парфюмерлік-косметикалық ингредиенттерге жатпайды;

32) парфюмерлік (хош иісті) композиция - ПК өнімдеріне иіс беруге және (немесе) ингредиенттердің иісін жасыруға арналған заттардың қоспасы;

33) ПК өнім - тазарту, жағымды иіс беру, сыртқы түрін өзгерту, оларды қорғау немесе қалыпты жағдайда сақтау мақсатымен адам денесінің түрлі бөліктеріне (теріге, түк басқан жерлерге, тырнаққа, ерінге, тіске, ауыз қуысының кілегей қабықшасына және сыртқы жыныс мүшелеріне) жағуға (көмекші құралдардың көмегімен немесе оларды пайдаланбай) арналған құралдар;

34) парфюмерлік-косметикалық өндіріс - ПК өнімдерді дайындау мақсаты бар технологиялық операциялар мен басқару әрекеттерінің жиынтығы;

35) тіс пастасы - тіс және ауыз қуысының күтіміне арналған паста тәрізді немесе гель тәрізді консистенцияның парфюмерлік-косметикалық құралы;

36) косметикалық пластырь - косметикалық рәсімдерді жүргізуге арналған жабысу әрекетіне ие, материалдан жасалған парфюмерлік-косметикалық құрал;

37) ерін далабы - ерінге жағуға арналған сәндік косметикалық құрал;

38) ПК өнімін жеткізуші - ПК өнімді жеткізетін кез келген меншік түріндегі жеке немесе заңды тұлға;

39) тұтынушы - ПК өнімді тікелей пайдалану үшін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

40) ПК өнімінің тұтынушы орауы - ПК өнімдерінің сыртқы және ішкі орауларының жиынтығы, сыртқы орауы болмаған жағдайда ішкі орау тұтынушы орауы болып есептеледі;

41) рецептура - ингредиенттердің салмақтық үлесін көрсете отыра, ПК өнімнің құрамына кіретін ингредиенттердің дайындаушы белгілеген толық тізімі;

42) скраб - тері қабатының беткі өлі клеткаларын түлетіп түсіруге арналған парфюмерлік-косметикалық құрал;

43) целлюлитке қарсы құрал - дененің проблемалы учаскелерінде целлюлит пайда болудың алдын алуға және целлюлит белгілері бар дене учаскелерін күтуге арналған ПК құрал;

44) депиляцияға арналған құрал - түктерді жоюға арналған парфюмерлік-косметикалық құрал;

45) интим гигиенасына арналған құрал - жыныс мүшелерінің күтіміне арналған парфюмерлік-косметикалық құрал;

46) татуажға арналған құрал - терінің бетіне сурет салуға арналған парфюмерлік-косметикалық құрал;

47) жарамдылық мерзімі - дайындаушы айқындаған тасымалдау және сақтау талаптарын сақтаған кезде ПК өнімін осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келетін және оның арналуы бойынша қолданылатын мерзім;

48) тальк - дененің гигиеналық күтіміне арналған ұнтақ тәрізді парфюмерлік-косметикалық құрал;

49) тауарлық белгі (тауарлық маркасы) - бір жеке тұлғаның тауарларын басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртекті тауарларынан айыру үшін қызмет ететін, белгіленген тәртіпте тіркелген (қабылданған) немесе халықаралық шарттар күшімен тіркеусіз қорғалатын белгі;

50) ПК өнімнің токсикологиялық қауіпсіздігі - азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіретін жалпы токсикологиялық әсерінің болмауы;

51) зат белгі - тұтынушылар үшін өнімдерге жапсырылатын ақпараттар;

52) көліктік орауы - ПК өнімді тасымалдауға арналған орау;

53) шашқа арналған тушь - шаш өргенде жағуға арналған сәндік косметикалық құрал;

54) ультракүлгін сүзгілер - ультракүлгін сәулелерді жұтуға және (немесе) қайтаруға қабілетті ингредиенттер;

55) фотоқорғаныш құралы (күн сәулесінен қорғайтын құрал) - ультракүлгін сәулелерді жұтуға және (немесе) қайтаруға қабілетті парфюмерлік-косметикалық құрал.

3. Өнімдердің нарықта айналу жағдайы

3. ПК өнімдер осы техникалық регламенттерде белгіленген тараптарға сәйкес болуы тиіс.

4. ПК өнімдер, егер оларды мақсаты бойынша тиісінше қолдану кезінде тек адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп төндірмеген жағдайда, нарыққа жеткізілуі және сатылуы мүмкін.

ПК өнімдері сатуға енгізгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпке сәйкестігін міндетті растау рәсімдеріне ілігуі тиіс. Сәйкес сертификаттың бар болуы туралы мәлімет ілеспе құжаттамада көрсетіледі.

4. ПК өнімдердің қауіпсіздік талаптары

Жалпы қауіпсіздік талаптары

5. Қазақстан Республикасында айналымға шығарылатын ПК өнімдерді арналуы бойынша пайдаланғанда және (немесе) жарамдылық мерзімі ішінде алдын ала болжамды пайдаланған кезде адам өмірі мен денсаулығына зиян келтірмеуге тиіс; бұл ретте өнімнің жарнамасы, оның таңбалануы, оны пайдалану және орналастыру жөніндегі нұсқаулық, сондай-ақ өндіруші, оның агенті немесе Қазақстан Республикасының нарығында өнімді таратуға жауапты кез келген тұлға берген қандай да бір түсінік немесе басқа да ақпараттар ескеріледі.

6. ПК өнімдердің қауіпсіздігі:

- 1) к ұ р а м ы н а ;
- 2) микробиологиялық көрсеткіштеріне;
- 3) улы элементтер мөлшерінің деңгейіне;
- 4) токсикологиялық көрсеткіштеріне;
- 5) клиникалық-зертханалық көрсеткіштеріне;
- 6) ПК өнімдердің өндірісіне;
- 7) т ұ т ы н у о р а у ы н а ;

8) тұтынушыға арналған ақпаратқа қойылатын талаптардың жиынтығын қамтамасыз етеді.

ПК өнімдерінің құрамына қойылатын талаптар

7. ПК ингредиенттері ретінде осы техникалық регламенттің 1-қосымшасында санамаланған заттарды пайдалануға тыйым салынады.

8. ПК ингредиенттері ретінде 2-қосымшада көрсетілген шектеулер мен талаптардан тыс осы техникалық регламенттің 2-қосымшасында санамаланған заттарды пайдалануға тыйым салынады, бұл ретте осы техникалық регламентте белгіленген тұтынушылар мен мемлекеттік бақылау органдарына арналған ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды ескерген жөн.

9. ПК ингредиенттері ретінде 3-қосымшада аталған шектеулерден тыс осы техникалық регламенттің 3-қосымшасында аталған бояуларды ғана пайдалануға рұқсат етіледі, бұл ретте осы техникалық регламентте белгіленген тұтынушылар мен мемлекеттік бақылау органдарына арналған ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды ескерген жөн.

10. ПК ингредиенттері ретінде 4-қосымшада аталған шектеулерден тыс осы техникалық регламенттің 4-қосымшасында аталған консерванттарды ғана

пайдалануға рұқсат етіледі, бұл ретте осы техникалық регламентте белгіленген тұтынушылар мен мемлекеттік бақылау органдарына арналған ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды ескерген жөн.

11. ПК ингредиенттері ретінде осы техникалық регламенттің 5-қосымшасында санамаланған ультракүлгін сүзгілерін ғана пайдалануға рұқсат етіледі, бұл ретте осы техникалық регламентте белгіленген тұтынушылар мен мемлекеттік бақылау органдарына арналған ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды ескерген жөн.

ПК өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштеріне қойылатын талаптар

12. ПК өнімінің микробиологиялық көрсеткіштері осы техникалық регламенттің 6-қосымшасында берілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

13. Мына ПК өнімдерінің атауларына:

1) араластырусыз пайдаланылатын 25 % астам концентрациядағы органикалық еріткіштері бар ПК өніміне;

2) су негізіндегі тырнаққа арналған лактардан басқа, тырнаққа арналған л а к т а р ғ а ;

3) дезодорант-антиперспиранттарға;

4) шашқа арналған тотықтырғыш бояулар, түссіздендіруге және мелирлеуге а р н а л ғ а н қ ұ р а л д а р ғ а ;

5) химиялық бұйралау құралдары және шашты түзеуге арналған тиол қосылыстары негізіндегі құралдарға;

6) тиогликол қышқылдары негізіндегі депиляцияға арналған құралдарға;

7) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

8) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

9) ваннаға арналған тұздарға;

10) 100% пайыздық эфир майларына микробиологиялық көрсеткіштерді а н ы қ т а у ғ а т а л а п т а р қ о й ы л м а й д ы .

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

ПК өнімнің құрамында улы элементтердің мөлшеріне қойылатын талаптар

14. ПК өнімінің құрамындағы улы заттардың рұқсат етілген деңгейі:

1) кү ш ә н - ж о л б е р і л м е й д і ;

2) қорғасын - жол берілмейді;

3) сынап - жол берілмейді.

15. Балаларға арналған ПК өнімдерін қоспағанда, иіс майларға, парфюмерлік суларға, иіс суларға, әтірлерге қатысты улы элементтердің мөлшерінің деңгейіне талаптар қойылмайды.

ПК өнімнің токсикологиялық көрсеткіштері

16. ПК өнімдерінің токсикологиялық көрсеткіштері осы техникалық регламенттің 7-қосымшасында айтылған талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Клиникалық-зертханалық көрсеткіштер

17. ПК өнімдерінің клиникалық-зертханалық көрсеткіштері осы техникалық регламенттің 8-қосымшасында айтылған талаптарға сәйкес келуге тиіс.

ПК өнімнің өндірісіне қойылатын талаптар

18. Микроклиматқа, жарыққа, шу деңгейлеріне, дірілге, электромагниттік сәулеленуге, өнімді өндіру немесе сақтау кезіндегі жұмыс аймағының ауасындағы зиянды факторлардың мөлшеріне қойылатын талаптар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарына, сондай-ақ қолданыстағы құрылыс нормативтері мен ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

19. ПК өнімдерінің өндірісі жөніндегі объектілерді ұстауға, пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптары өндірістік және санитарлық-тұрмыстық үй-жайларға, өндірістік процестерге, жабдықтарға, жабдықтарға, шикізатты сақтау шарттарына, орамына, сондай-ақ шығарылатын өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

20. ПК өнімінің осы техникалық регламенттің талаптарының қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкес өндірісін қамтамасыз ету үшін технологиялық процесті кезеңмен бақылауды кәсіпорындағы қолданыстағы техникалық және технологиялық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

21. Дайын өнімнің қауіпсіздігіне ықпалын тигізетін өндірістің барлық процестері жоспарланады және құжатталады.

ПК өнімін дайындаушының бастапқы шикізаттың, материал мен реактивтердің әрбір түріне жеткізуші белгіленген тәртіпте бекіткен құжаттамасы бар болуы тиіс.

Алынған шикізаттардың, материалдардың әр топтамасы қолданыстағы нормативтік немесе техникалық құжаттамаға сәйкес кіру бақылауынан өтуі тиіс

және өндірістік мақсаттарда тек қана шикізат пен материалдардың осы түріне қойылатын белгіленген талаптарға, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес пайдаланылуы мүмкін.

Шикізат, материалдар, реактивтер және дайын өнім таңбалануы керек және сақтаудың регламенттелген уақыты ішінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін талаптарды сақтай отыра және араласуы мен ластануын болдырмайтын арнайы орындарда сақталуы қажет.

Шикізаттың, материалдың, реактивтер мен дайын өнімдердің сәйкес келмейтін топтамалары тиісті түрде таңбалануы және оларды пайдаға асыру туралы соңғы шешім шыққанға дейін өндіріс процесіне абайсызда түсіп кетуін болдырмау үшін жеке сақталуы керек.

Өндіріс қалдықтары мен ағын сулар қалдықтармен және ағын сулармен жұмыс істеу ережелерін реттейтін жалпы техникалық регламенттердің, заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Шикізаттарды, материалдар мен реактивтерді ішкі сәйкестендіру мен тасымалдау өнімнің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сақтауды қамтамасыз етуі және бекітілген схема бойынша жүзеге асырылуы қажет.

Ауыз су және техникалық су құбырлары бөлек, түсі әртүрлі болуға тиіс және өзара қосылыстары болмауы керек.

Орауына қойылатын талаптар

22. Тұтыну орауы, сондай-ақ ПК өнімнің жинағына кіретін көмекші құралдар тұтынушы үшін ПК өнімнің қауіпсіздігі мен оның жарамдылық мерзімі ішінде сақталуын қамтамасыз ететін материалдардан жасалуы қажет.

23. Ауыз қуысы гигиенасының сұйық құралдары мен интим мүшелерінің күтіміне арналған косметикалық құралдардың ашылатын жерін көрсететін арнайы белгілер, сондай-ақ бүлінгенде немесе ашылғандық фактісінің болмағандығын көрсететін қорғаныс элементі қарастырылған тұтынушы орауына оралуы керек. Арнайы белгі және қорғаныс элементі өнімдердің өзінде не орамда б о л у ы м ү м к і н .

ПК өнімін өлшеп бууға қолданылатын тұтыну ыдыстарының барлық түрлері қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Тұтынушыға арналған ақпаратқа қойылатын талаптар

24. Өтініш беруші ПК өнімнің тұтыну орауына осы техникалық регламентте көзделген мәліметтермен қатар ішінде мыналар:

- 1) ПК өнімнің атауы мен аты (олар бар болғанда);
- 2) дайындаушының, лицензиардың (егер ПК өнім дайындаушыға

технологияның және (немесе) тауарлық белгінің иесі берген лицензия бойынша дайындалған жағдайда) және Қазақстан Республикасында тұтынушылардан шағым қабылдауға дайындаушының уәкілетті ұйымының атауы мен орналасқан жері (елін қоса алғанда, заңды мекен жайы);

3) салмағы 5 г немесе көлемі 5 мл аз ПК өнімін, ПК өнімнің тегін үлгілерін қоспағанда, ораған уақыттағы тұтыну орауындағы ПК өнімнің номиналды мөлшерінің нетто салмағы (г, кг), көлемі (мл, л, см³), мөлшері (дана);

4) өнімнің дайындалған күні немесе осы мерзім көрсетілген тұтыну орауындағы орын жазылған "(айы, жылы) дейін жарамды (пайдалануға болады)" немесе "Жарамдылық мерзімі... (ай, жыл)" деген сөздермен белгіленетін жарамдылық мерзімі;

Қажет жағдайда бұл мәліметтер сақталуы айтылған жарамдылық мерзімін қамтамасыз ететін шарттармен толықтырылуы мүмкін;

5) өнімді пайдаланған кездегі ерекше сақтық шаралары;

6) нөмірі немесе өнімнің өндірістік партиясының арнайы коды;

7) ПК өнімінің арналуы. Арналуы белгілі өнімдер бұған кірмейді;

8) бұл мәліметтерсіз дұрыс қолдануы тұтынушыларға қиындық тудыратын ПК өнімін қолдану тәсілдері жөніндегі мәліметтер;

9) осы техникалық регламенттің 25-тармағының ережелеріне сәйкес ингредиенттер мен бояулардың тізімі;

10) аэрозольді өнімдерге озон қабатын бұзатын заттардың болуы/жоқтығы туралы жазылған ақпараттарды енгізуге міндетті.

25. Ингредиенттер тізімінің алдында "Ингредиенттер" немесе "Құрамы" деген тақырып болуға тиіс.

Тізімде ингредиенттер ПК өнімін дайындаған сәттегі олардың салмақтық үлесінің азаю тәртібінде беріледі, бұл ретте парфюмерлік (хош иісті) композиция оның құрамын ашпай-ақ "иістеушілер", "хош иісті композиция", "парфюмерлік композиция" деген сөздерді пайдаланып бір ингредиент ретінде көрсетіледі. Парфюмерлік (хош иісті) композицияның құрамында осы техникалық регламенттің 2-қосымшасында айтылған шектеулерден басқа заттар бар болса, оларды да ингредиенттер тізіміне қосу қажет.

Салмақтық үлесі 1% төмен ингредиенттерді салмақтық үлесі 1 % жоғары ингредиенттерден кейін кез келген тәртіппен беруге болады.

Бояулар басқа ингредиенттерден кейін кез келген тәртіпте түс индексіне немесе қабылданған белгілеулерге сәйкес көрсетілуі мүмкін.

Дайындаушының қарауына қарай халықаралық косметикалық ингредиенттер номенклатурасына сәйкес (INCI) ингредиенттердің тізімін латын графикалық негізін пайдаланып көрсетуіне рұқсат етіледі.

Түрлі түстер сериясы түрінде шығарылатын сәндік косметикалық өнімдер үшін "болуы мүмкін" деген терминді немесе [+/-] деген белгіні пайдаланып серияда қолданылған барлық бояулар берілуі мүмкін.

26. Осы тармақта көрсетілген ақпарат мына талаптарды сақтай отыра берілуге т и і с :

егер ПК өнімнің сыртқы орауы болмаса, 24-тармақта айтылған барлық ақпараттар ішкі орауында болуы керек;

егер ПК өнімнің сыртқы орауы бар болса, ішкі орауында кем дегенде осы техникалық регламенттің 24-тармағының 1-тармақшасында айтылған ақпарат б о л у ы қ а ж е т ;

егер осы тармақтың талаптарын сақтау ПК өнімнің көлемі немесе тұтыну орауының формасына байланысты толықтай немесе ішінара мүмкін болмаса, осы техникалық регламенттің 24-тармағында көзделген ақпараттың жетіспейтін бөлігі қосымша бетінде, зат белгіде немесе қоса берілетін ПК өнімнің бірлігіне бекітілетін ашық хатта баяндалуы қажет (не тұтынушыға қолжетімді болатын өзге тәсілмен беріледі).

27. 24-тармақта көзделген ақпарат жеңіл оқылатын және сақтаған, тасымалдаған, өткізген және тағайындалуы бойынша өнімді пайдаланған кезде берік (орауынан шайылып кетпейтін) түсінікті әріптермен жазылуы тиіс.

28. Ингредиенттер тізімі мен тізім тақырыбынан басқа, осы тармақтың 24-тармақшасында қарастырылған ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы керек. Дайындаушы-фирманың атауы, шетелдік дайындаушының мекенжайы мен өнімнің атауы латын графикалық негізін пайдаланып белгіленуі м ү м к і н .

24-тармағының 2, 4, 5, 7, 8-тармақшаларында айтылған (ПК өнімінің атын қоспағанда) және шетелдік өндірушілердің ПК өнімінің ішіндегі ақпарат мемлекеттік тілге аударылуға және тұтынушыға ыңғайлы түрде ұсынылуы тиіс.

Тасымалдау кезіндегі талаптар

29. ПК өнімдерін тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей белгіленбесе, осы көлік түрлеріне сәйкес техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкес жабық көлік құралдарында көліктің барлық түрлерімен жүзеге асырылады.

Сақтау кезіндегі талаптар

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей белгіленбесе, ПК өнімдері 0 С бастап 30 С дейінгі температурада жабық қоймаларда сақталуы қажет.

31. Егер ПК өнімдері 30-тармақта айтылған талаптардан өзгеше жағдайларда сақталуға тиіс болған жағдайда, бұл ПК өніміне арналған техникалық құжаттамада және тұтыну орауында айтылуы керек.

32. ПК өнімі сақтаған кезде күн сәулесінің тікелей әсеріне ұшырамайтын болуы керек.

33. ПК өнімін қосылған жылыту құралдарынан 0,5 м кем болатын аралықта сақтауға жол берілмейді.

Жоюға және зарарсыздандыруға қойылатын талаптар

34. ПК өнімдерін шығару жөніндегі кәсіпорында төгінділерді зарарсыздандыру жөніндегі, оларды жоюмен биологиялық белсенді заттарды ұстау және жағымсыз иісі бар төгінділерді тазарту жөніндегі табиғатты қорғау шаралары көзделген болуы тиіс.

35. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей белгіленбесе, ПК өнімі жарамдылық мерзімі аяқталған соң тұрмыстық қалдық ретінде жойылады.

36. Егер ПК өнімі осы техникалық регламенттің 35-тармағында айтылғаннан ерекше тәсілмен жойылуы тиіс болған жағдайда, бұл жөнінде ПК өніміне арналған техникалық құжаттамада және тұтыну орауында айтылуы тиіс.

Сәйкестік презумпциясы

Ескерту. Кіші бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Сәйкестілікті бағалау

39. Қолданылу саласына осы өнім жататын осы техникалық регламенттің және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына ПК өнімінің сәйкестігін бағалау:

- 1) ПК өнімінің құрамына кіретін химиялық заттарды тіркеу;
- 2) сәйкестігін міндетті бағалау;
- 3) мемлекеттік бақылау жолымен жүзеге асырылады.

5. ПК өнімнің сәйкестігін растау тәртібі

40. ПК өнімінің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасында міндетті сипатқа ие және сәйкестігін міндетті растау түрінде жүзеге асырылады. Осы техникалық регламент қолданысқа енгеннен кейін 3 жыл өткен соң ПК өнімінің сәйкестігін растауды сәйкестігін ресми мәлімдеу түрінде де жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

41. Сәйкестігін міндетті растауды жүргізген кезде:

Өтініш беруші:

1) сәйкестігін растау жөніндегі органды өз еркімен таңдайды;

2) ішінде мыналар көрсетілген:

өтініш берушінің атауы мен орналасқан жері;

дайындаушының атауы мен орналасқан жері;

нысанды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сәйкестікті растау нысаны

т у р а л ы

а қ п а р а т ;

өтініш берушінің өнімнің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігіне дәлел ретінде сәйкестікті растау жөніндегі органға ұсынатын құжаттарының тізбесі көрсетілген сәйкестікті растауды жүргізуге өтініш береді;

сәйкестікті растау жөніндегі органға сәйкестікті растауды жүргізу туралы ш а р т ж а с а с а д ы ;

сәйкестікті растау жөніндегі органға өтініште айтылған құжаттарды ұсынады;

сәйкестікті растау жөніндегі органға сынақтар жүргізу үшін және бақылау (арбитраждық) үлгілерін сақтау үшін өнім үлгілерін ұсынады.

Сәйкестікті растау жөніндегі орган:

1) өтінішті қарайды;

2) мыналарды:

сәйкестікті растау сызбасын (модулін);

ТР талаптарының нысандарына сәйкестігі туралы дәлелді шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар тізбесін көрсететін өтініш бойынша шешім қабылдайды.

3) өтініш бойынша шешімнің мазмұнын өтініш берушіге хабарлайды;

4) сәйкестікті растау нысанының осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес келмейтіні жөнінде дәлелді шешім қабылдауға қажетті дәлелді материалдарды қалыптастыру үшін сынақтар жүргізеді;

5) 2-4 сұлбалар бойынша сәйкестікті растаған кезде өндірістің жай-күйін талдауды жүргізеді, талдау нәтижелері актімен ресімделеді;

6) сынақтардың, ұсынылған құжаттар мен өндірістің жай-күйі туралы талдауды қараудың оң нәтижелерінде өтініш берушіге ішіне:

өтініш берушінің атауы мен орналасқан жері;

дайындаушының атауы мен орналасқан жері;

сәйкестік сертификатын берген сәйкестікті растау жөніндегі органның атауы мен орналасқан жері;

осы нысанды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сәйкестікті растау нысаны жөніндегі ақпарат, осы техникалық регламенттің атауы;

солардың негізінде сәйкестік сертификаты берілген жүргізілген сынақтар мен құжаттар жөніндегі ақпарат;

сәйкестік сертификатының жарамдылық мерзімі (3 жылдан аспайтын);
сәйкестікті растау нысанына инспекциялық бақылауды жүргізу мерзімдері
енетін сәйкестік сертификатын береді.

42. ПК өнімінің сәйкестігін растау кезінде сәйкестікті растау жөніндегі орган
өнім үлгілеріне мерзімді сынақтар жүргізу жолымен сәйкестік сертификатының
барлық жарамдылық мерзімі ішінде сертификатталған өнімге инспекциялық
бақылау жүргізеді.

Инспекциялық бақылау нәтижелері бойынша сәйкестікті растау жөніндегі
орган мына шешімдердің бірін қабылдайды:

сәйкестік сертификатының күшін расталған деп есептеу (бұл жөнінде шарт
қосымшасына белгі соғады);
сәйкестік сертификатының күшін тоқтату;
сәйкестік сертификатының күшін жою.

43. ПК өнімнің сәйкестігін растау нысандары мен схемаларын Қазақстан
Республикасының Үкіметі бекітетін, техникалық регламентпен белгіленеді.

6. Үйлестірілген стандарттар тізбесі

Ескерту. 6-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.24 № 271 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Парфюмерлік-косметикалық
өнімдердің қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
1-қосымша

Парфюмерлік-косметикалық ингредиенттер ретінде пайдалануға тыйым салынған заттардың тізімі

р/с N	Косметикалық номенклатурасына сәйкес заттардың атауы (INCI)	ингредиенттердің	халықаралық
1.	N-5-Хлорбензоксазол-2-илацетамид		
2.	2-Ацетоксиэтилтриметиламмоний және оның тұздары	гидроксиді	(ацетилхолин)
3.	Деанолацеглумат*		
4.	Спинолактон*		
5.	[4-(4'-Гидрокси-3'-йодофенокси)-3,5-дайодофенил] қышқылы және оның тұздары		сірке
6.	Метотрексат*		
7.	Аминокапрон қышқылы және оның тұздары		
8.	Цинкофен*, оның тұздары, туындылардың тұздары	туындылары	және осы

9.	Тиропрониев қышқылы және оның тұздары
10.	Үшхлоруксусты қышқыл және оның тұздары
11.	Аконит (Aconitum napellus L) жапырақтары, тамырлары және гален препараттары
12.	Аконитин (негізгі алкалоид Aconitum napellus L) және оның тұздары
13.	Көктемгі жанаңгүл (Aconitum napellus L) және оның препараттары
14.	Эпинефрин*
15.	Жылан Раувольфий алкалоидтері (Rauvolfia serpentina) және оның тұздары
16.	Ацетилен спирті, және оның қарапайым және күрделі эфирлері мен тұздары
17.	Изопреналин*
18.	Аллилизотиоцианат
19.	Аллокламид* және оның тұздары
20.	Налорфин*, оның тұздары мен эфирлері
21.	Орталық жүйке жүйесіне әсер ететін симпатомиметикалық аминдер
22.	Анилин, оның тұздары, галогенді және сульфотуындылар
23.	Бетоксикаин* және оның тұздары
24.	Зоксазоламин*
25.	Прокаинамид*, оның тұздары және туындылары
26.	Бензидин
27.	Туаминогептан*, оның изомерлері мен тұздары
28.	Октодрин* және оның тұздары
29.	2-Амин-1,2-бис-(4'-метоксифенил) этанол және оның тұздары
30.	1,3-Диметилпентиламин және оның тұздары
31.	4-Аминсалицил қышқылы және оның тұздары
32.	Толуидинтер, олардың изомерлері, тұздары, галогенді- және сульфотуындылар
33.	Ксилидиндер, олардың изомерлері, тұздары, галогенді- және сульфотуындылар
34.	Императорин [9-(3-Метоксилбут-2-енилокси)-фууро-[3,2-g]-хромен-7он]
35.	Үлкен амми (Ammi majus) және оның галенді препараттары
36.	2-Метил-2,3-дихлорбутан
37.	Андрогенді әсері бар заттар
38.	Антраценді май
39.	Антибиотиктер

40.	Сүрме және оның құрамалары
41.	Сора кутрасы (<i>Arosynum cannabinum</i> L.) және оның препараттары
42.	Апоморфин (5,6-диоксиапорфин) және оның тұздары
43.	Күшән және оның құрамалары
44.	Кәдімгі красавка (<i>Atropa belladonna</i>) және оның препараттары
45.	Атропин, оның тұздары мен туындылары
46.	Депиляторияда пайдаланылатын барий сульфаты мен сульфидінен, сондай-ақ 3-тармақтың 2-с і л т е м е с і н д е сипатталған заттарды барий негізінде бояйтын бояғыштар, тұздар және пигменттерден басқа барий тұздары
47.	Бензол
48.	Бензимидазол-2(3H)-он
49.	Бензазепиндер мен бензодиазепиндер
50.	1-Диметиламинометил-1-метилпропилбензоат (амилокаин) және оның тұздары
51.	2,2,6-Триметил-4-пиперидилбензоат (бензамин) және оның тұздары
52.	Изокарбоксазид*
53.	Бендрофлуметиазид* және оның туындылары
54.	Бериллий және оның қосылыстары
55.	Элементарлық бром
56.	Бретилия тозилат*
57.	Карбромал*
58.	Бромизовал*
59.	Бромфенирамин* және оның тұздары
60.	Бензилоний бромид*
61.	Тетриламмоний бромид*
62.	Бруцин
63.	Тетракаин* және оның тұздары
64.	Мофебутазон*
65.	Толбутамид*
66.	Карбутамид*
67.	Фенилбутазон*
68.	Кадмий және оның құрамалары

69.	Кантаридтер, шпан шіркейі
70.	(1R, 2S)-гексагидро-1,2-диметил-3,6-эпоксифталді ангидрид (кантаридин)
71.	Фенпробамат*
72.	Карбазолдың нитротуындысы
73.	Дисульфид көміртегі
74.	Каталаза
75.	Цефаэлин және оның тұздары
76.	Амброзий тәріздес алабұта (Chenopodium ambrosioides), эфир майы
77.	2,2,2-Трихлорэтан-1,1 -диол
78.	Хлор
79.	Хлорпропамид*
80.	Дифеноксилат* гидрохлорид
81.	4-Фенилаз-1,3-диаминбензола цитрат гидрохлорид (хризоидин цитрат гидрохлориды)
82.	Хлорзоксазон*
83.	2-Хлор-4-диметиламино-6-метилпиримидин(изокримидин)
84.	Хлорпротиксен* және оның тұздары
85.	Клофенамид*
86.	N,N-Бис-(2-хлорэтил)метиламин-N-оксид және оның тұздары
87.	Хлорметин* және оның тұздары
88.	Циклфосфамид* және оның тұздары
89.	Манномустин* және оның тұздары
90.	Бутаниликаин* және оның тұздары
91.	Хлормезанон*
92.	Трипаранол*
93.	2-[2-(4-хлорфенил)-2-фенилацетил]индан-1,3-дион (изохлорфацинон)
94.	Хлорфеноксамин*
95.	Фенагликодол*
96.	Хлорэтан (этилхлорид)
97.	Хром, хром қышқылы және оның тұздары
98.	Қызыл күйе (Claviceps purpurea Tul.), оның алкалоидтері және оның галенді препараттары
99.	Теңбіл убалдырған (Conium maculatum L.) жемістері, ұнтағы, галенді препараттары

кестенің жалғасы

100.	Глицикламид*
101.	Кобальт бензолсульфонаты
102.	Колхицин, оның тұздары және туындылары
103.	Колхикозид және оның туындылары
104.	Күзгі лапыз (<i>Colchicum autumnale</i> L.) және оның галенді препараттары
105.	Конваллатоксин
106.	Анамирт коккулусы (<i>Anamita cocculus</i> L.), жемістері
107.	Іш жүргізетін кротон (<i>Croton tiglium</i>), майы
108.	1-Бутил-3-(N-кротонилсульфанил) несепнәр
109.	Кураре және курарин
110.	Синтетикалық кураризанттар
111.	Көгерткіш қышқылдар және оның тұздары
112.	2-а-Циклогексилбензил- (N, N, N', N',-тетраэтил) триметилендиамин (фенетамин)
113.	Цикломенол* және оның тұздары
114.	Гексациклонат натрийі *
115.	Гексапропимат*
116.	Декстропропоксифен*
117.	0,0'-Диацетил-N-аллил-N-норморфин
118.	Пипазетат* және оның тұздары
119.	5-(а,в-дибромофенетил)-5-метилгидантоин
120.	N,N'-пентаметиленбис (триметиламмония) тұздар, мысалы, пентаметоний бромиді*
121.	N,N'-[(метилимино)диэтилен]бис (этилциметиламмония) тұздар, мысалы, азаметоний бромиді*
122.	Цикларбамат*
123.	Клофенотан*, изо-ДДТ (дихлордифенилтрихлорэтан)
124.	N,N'-гексаметиленбис(триметиламмония) тұздар, мысалы, гексаметоний бромиді*
125.	Дихлорэтандар (этиленхлоридтер)
126.	Дихлорозетилендер (ацетиленхлоридтер)
127.	Лизергид* және оның тұздары
128.	2-Диэтиламиноэтил-3-гидрокси-4-фенилбензоат және оның тұздары
129.	Цинхокаин* және оның тұздары
130.	3-Диэтиламинопропилциннамат
131.	0,0'-Диэтил-0-4-нитрофенилтиофосфат(изо-паратион)
132.	[Оксалилбис(иминометилен)]бис'[(0-хлоробензил)диэтиламмония] тұздар, мысалы, амбеноний хлориді*
133.	Метиприлон* және оның тұздары
